

Ағамыздың өмірі, келешек ұрпаққа үлгі - өнеге

Жамбыл Сәулебекұлы Ақылбаев - ұлағатты ұстаз, ғажап ғалым, ардақты азамат десек артық айтқандық емес. Бойына парасат иірімдерін жинақтаған, биік асуларды бағындырған академик Ақылбаев Жамбыл Сәулебекұлы 1938 жылы 27 шілдесінде Қарағанды облысы, Шет ауданы Ақсу-Аюлы ауылында жұмыскер отбасында дүниеге келді.

Сұрапыл соғыстан кейінгі қиын-қыстау шақта, аудан орталығындағы қасиетті қара шаңырақ Ы.Алтынсарин атындағы мектепте оқыған ағамыздың сол кездегі Отанға, елге деген ұлы сезімдерінің, өмірге деген көзқарастарының, түйсік-түсініктерінің ерекшеліктері таңдандырмай қоймайды. Жастайынан алғыр, білімге құштар Жамбыл Сәулебекұлының өміріндегі жетістіктерге жетуіне қажыр-қайратының мықтылығы, ерік-жігерінің күштілігі басты себеп екенін естідік. Ол кісінің өмір жолын саралап отырсаңыз, ғалым, физик, техника ғылымдарының докторы, профессор, Халықаралық Жоғары мектеп ҒА-ның академигі,

Университет ректорлары халықаралық ассоциациясының мүшесі, Орталық Қазақстан жоғарғы оқу орындары ректорлары аймақтық кеңесінің төрағасы. Ассисент, оқытушы, ҚазМУ-де стажер-зерттеуші, аспирант, ҚарМУ-де аға оқытушы, деканның орынбасары, теориялық физика кафедрасының меңгерушісі, физика факультетінің деканы, университетің ғылыми жұмыстар жөніндегі және оқу ісі жөніндегі проректоры, Атырау педагогикалық институтының ректоры, 1991-2003 жылдары Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің ректоры. 70-тен астам ғылыми және ғылыми әдістемелік жұмыстардың авторы, өнер табысы үшін 10-ға жуық авторлық куәлік алған. Шет ауданның Құрметті азаматы, «Парасат» орденінің иегері. Осындай қиындығы мен қызығы араласып жатқан жұмыстардың басы-қасында болып, абыройға бөленген, өмірінің әрбір уақытын білімге, ғылымға арнаған қазақтың біртуар азаматтарының бірі деуге әбден лайық азамат дер едік. Ұлылардың өмірі мен өнегелі қызметі - ұрпаққа өнеге емес пе? Қай қызметте болмасын, ең алдымен адамдардың абыройын ойлаған, ұлттық тілдің қадір-қасиетін, ұлттың намысы мен рухын жоғары ұстаған ардақты азамат жайлы қай деректерді оқысаңыз да мол тағылым

алар едіңіз. Себебі, өз басының қамынан гөрі халқының қамын ойлаған Жамбыл Сәулебекұлы - тәуелсіз қазақ елінің асыл азаматы. Қашан да осындай ардақты да, парасатты, қайратты да қажырлы адамдар әрбір істі халқының жанынан табылса, соңында қалған жұрты жаман болмас еді. Абыройымен қызмет атқару - әрбір парасатты азаматқа тән қылық. Өмірде қайталанбас тұлғалардың бірі болған, білікті басшы болған Жамбыл Сәулебекұлы - дәл сондай жан. Туған жеріндегі туған - туысқандары, ол азаматпен әріптес, замандас болған адамдар үшін де орны бөлек болғаны аян. Бірдің ғана емес, тұтас бір қауымның



ілтпатына бөленген жан. Барлық саналы ғұмырын білім мен ғылымға деген құштарлығын арттырып, жетелеген ғылыми жетекшісі Совет Исатайұлының еңбегі зор екендігін ғалымның еңбектерінен көруге болады. Академик Жамбыл Ақылбаев білім мен ғылымның дамуына өзіндік үлесін қоса білген парасатты, ұлағатты ұстаз. Қазақ асылын ардақтап, батырын ұлықтаған халық. Атап айтсақ Атырау қаласында дарынды балаларға ашылған мектеп-лицейі, Қарағанды қаласындағы бірнеше оқу орындарының ашылуына себепкер болды. Игілікті істерің бір мәрте мақтан етіп, айта аламыз.

Кәзіргі таңда мектебімізде ғалымның өмірбаяны мен ғылыми зерттеулерін таныстыру мақсатында 10-сыныптарға «Жамбылтану» вариативтік курсы әзірленді. Бағдарлама бойынша деректі құжаттар мен ғалым еңбектеріне сүйене отырып, теориялық мәліметтер мен қоса практикалық жұмыстар туралы деректерді, мәліметтерді талдап, зерделейді.

Сонымен қатар ғалымның салған сара жолын насихаттай отырып, дарынды оқушыларды іріктеу, оқу танымдық қабілеттерін ынталандыру мақсатында Ж.Ақылбаев атындағы дәстүрге айналған физика пәнінен мектепшілік, аудандық, облыстық олимпиадалар және ғылыми практикалық конференциялар өтіп

тұрады. Өткізілген іс-шаралар БАҚ беттеріне жарияланып тұрады. Ғалымның жинақталған материалдары арқылы мектеп ұстаздары мен оқушылары ғылыми жобалар дайындап, аудандық, облыстық жобаларды қорғауға қатысуда. Қарағанды облысы бойынша мұражайда оқу әдістемелік орталықтың ұйымдастыруымен өткізілетін мұражайлар байқауына қатысып 2017-2018 оқу жылында «Алғыс хат», мадақтамаға ие болса, 2018-2019 оқу жылында виртуалдық мұражайға саяхат байқауында эссе жазу байқауында жүлделі үшінші орынды иеленді. Жетекшісі Гүлбаршын Ермекқызы, Назерке Әбішқызы. 2020-2021 оқу

жылында «Мұражайға виртуалды саяхат» (бейнеролик) бойынша екінші орынға ие болдық. Жетекшісі Фая Рақышқызы.

2021-2022 оқу жылында ҚР Орталық Қазақстан шағын ғылым академиясы оқушылар сарайы І дәрежелі диплом Мейіржан Толғанай, жетекшісі Фая Рақышқызы «Ұлағаттың символы - Жамбыл

Сәулебекұлы Ақылбаев» атты тақырыпта ғылыми жоба жазылды.

2022-2023 оқу жылында 1-7 сынып оқушылары арасында зерттеу жұмыстары шығармашылық жобаларының «Зерде» республикалық конкурсының облыстық кезеңінде үшінші орынды иеленді. Тақырыбы: «Шежірелі өлкенің бір туар тұлғасы» атты тақырыпта 7-сынып оқушысы Кәрібекова Шырайлым қорғады. Қорытындылай келе, айтарым, өзі кетсе де көзі қалған Жамбыл Ақылбаев ағамызды ауыл халқы сүйеді, әрі мақтан етеді. Осындай ауданымыздың білімді де білікті, аса қадірлі таудай тұлғаларымызды дәріптеп, одан әрі насихаттау біз секілді ұстаздардың парызы. Сондай-ақ, Жамбыл Ақылбаев ағамыздай халқымыздың өсіп - өркендеп дамуына үлес қосуымыз керек деп санаймын. Дара тұлғаның өлкесінде туған қандай бақыт, үлкен мәртебе, зор мақтаныш.

Тарихымыз үшін құнды дүниелерді айтатын қазыналарымызды барында бағалап, өнегелі өмірлерін дәріптей білейік.

Ф.ЖҮНІСОВА,
Ж.Ақылбаев атындағы
мектеп - гимназиясының
мұғалімі, мұражай
жетекшісі.